

«Мемлекеттік тілдің тағылымы мен мәртебесі» атты семинар-лекция өткізілді

2024 жылдың 18 наурызында С.Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ студенттері Мемлекет және қоғам қайраткері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Оразкүл Асанғазықызымен кездесті. «Мемлекеттік тілдің тағылымы мен мәртебесі» тақырыбында өткен басқосуда тіл жанашыры мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, мәртебесін арттыру туралы дәріс оқыды.

Аталған жиынның мақсаты - мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, ұлттық құндылықтарымыздың негізі ретінде ана тілімізді құрметтеу, мемлекеттік тіл саясатын қолдау.

Іс-шара барысында Оразкүл Асанғазықызы білім алушылардың өмір жолдарына азық болар біраз дүниеге тоқталып, тәлім-тәрбие, ақыл-парасаттылықтың шыңына жеткізер жайттарды тілге тиек етті.

Кездесу соңында дәріске қатысушылар Оразкүл Асанғазықызына сұрақтарын қойып, естелік суретке түсті.







